

Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне өкілдік шығыстар үшін республикалық бюджеттен қаражат бөлудің тәртібі туралы ережені бекіту және өкілдік шығыстардың нормалары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 2 қыркүйек N 1299.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.06.05. N 846 қаулысымен. ~P000846

Бюджеттік қаражатты үнемдеу режимін күшейту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне өкілдік шығыстар үшін республикалық бюджеттен қаражатты бөлудің тәртібі туралы ереже;

2) өкілдік шығыстардың нормалары бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне өкілдік шығыстар үшін жергілікті бюджеттен қаражатты жергілікті атқарушы және өкілді органдарға бөлудің тәртібі туралы осы секілді ережені әзірлеу және бекіту ұсынылсын.

3. "Республикаға келген шетел делегациялары мен жеке адамдарды

мемлекеттік басқару органдарының, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қабылдауына және оларға қызмет көрсетуіне мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаржыны жұмсаудың тәртібі туралы"

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 17 тамыздағы N 685 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 33, 500-құжат) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 2 қыркүйектегі

N 1299 қаулысымен
бекітілген

Республикалық бюджеттік бағдарламалардың
әкімшілеріне өкілдік шығыстар үшін республикалық
бюджеттен қаражатты бөлудің тәртібі туралы
Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне өкілдік шығыстар үшін республикалық бюджеттен қаражат бөлудің тәртібін айқындайды.

2. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

Өкілдік шығыстар - шетел делегацияларын қабылдау, кеңестерді, семинарларды, салтанатты және ресми шараларды өткізу үшін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген және республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне бөлінетін қаражат.

Өкілдік шығыстарға мыналарға арналған шығыстар жатады:

- 1) ресми түстіктер, кешкі астар, кофе-брейктер, фуршеттер;
- 2) музыкамен сүйемелдеу;
- 3) кәде сыйлар, естелік сыйлықтар сатып алу;
- 4) автокөлік қызметтері;
- 5) аудармашылардың көрсеткен қызметтеріне төлем жасау;
- 6) залды жалдау;
- 7) Қазақстан Республикасының Үкіметі (Премьер Министрі) шешетін өзге де шығыстар.

2. Өкілдік шығыстар үшін республикалық бюджетте көзделген қаражатты болу және пайдаланудың тәртібі

3. Өкілдік шығыстар үшін республикалық бюджеттен қаражатты бөлу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде жүзеге асырылады.

4. Өкілдік шығыстар үшін республикалық бюджеттен қаражат бөлу туралы республикалық бағдарламалар әкімшілерінің өтініштерін Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- 1) шараны өткізу қажеттілігіне деген негіздеме;
- 2) ресми делегацияның келу бағдарламасы;

3) шараның әзірлік жұмыс жоспары;
4) қатысушылардың күтілетін саны;
5) белгіленген нормалар шегінде, шығыстардың әрбір бабына негізделген, шығыстардың сметасы;

6) шығыстардың сметалары бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қорытындысы бар болған жағдайда қарайды.

5. Осы Ереженің 2-тармағының 2), 3), 6)-тармақшаларында көрсетілген шығыстардың баптары бойынша көрсетілген шығыстардың баптары бойынша көрсетілген қызметтерді ұсынатын ұйымдардың калькуляцияларын және реквизиттерін республикалық бағдарламалардың әкімшілері көрсете отырып, растайтын құжаттарды тапсырады.

3. Бақылау және есептілік

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі өкілдік шығыстар үшін

бөлінетін қаражаттың жұмсалуына бақылау жасауды жүзеге асырады.

7. Өкілдік шығыстар үшін қаражатты алған республикалық бағдарламалардың әкімшілері Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгіленген тәртіпте және мерзімде бөлінген қаражаттың пайдаланылуы, орындалған жұмыстардың көлемі мен құны туралы есепті тапсыруы тиіс.

8. Өкілдік шығыстар үшін бөлінген қаражаттың мақсатты және тиімді пайдаланылуына жауапкершілік қаражатты алушыға жүктеледі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 2 қыркүйектегі
N 1299 қаулысымен бекітілген

Өкілдік шығыстардың
Нормалары

Шығыстардың атауы

Құны теңгемен

1. Ресми түстіктерді, кешкі
астарды беруге арналған шығыстар
делегация үшін күніне бір адамға 6 500-ге дейін

есептелген есепке негізделіп

жүргізіледі.

2. Келіссөздер, мәдени бағдарламалар

шаралары уақытында, аудармашылар мен 1 040-қа дейін

еріп жүрген адамдарды қоса алғанда,

күніне бір адамға арналған буфеттік

қызмет көрсету

3. Мемлекеттік орган штатында тұрмайтын, 700-ге дейін

делегацияны қабылдайтын аудармашының

еңбегіне ақы төлеу (сағатына) 700-ге дейін

4. Көлік шығыстарын төлеу (сағатына)

Ескерту:

1. Шетел делегацияларына автомобиль көлігімен қызмет көрсетуге арналған шығыстар, сағаттық төлем есебіне негізделіп шығыстар сметасында көзделеді.

2. Шетел делегацияларын ресми қабылдауға байланысты түстік, кешкі ас

немесе басқа осы осы секілді шаралар кезінде Қазақстан Республикасының тарапынан қатысушылардың саны шетел делегацияларының тарапынан қатысушылардың санынан аспауы тиіс.

3. Делегацияның құрамы 5 адамнан көп болған кезінде делегацияға қызмет көрсететін ілесіп жүрген адамдар мен аудармашылардың саны делегация мүшелерінің кем дегенде 5 адамына 1 аудармашыдан немесе ілесіп жүрушіден негізделіп айқындалуы тиіс.

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Қасымбеков Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК